



Nur Qorg'aljyn

РУХАНИ
ЖАҒЫРУ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

НҰР-ҚОРҒАЛЖЫН

Аудандық газет 1928 жылдан
бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газет 2012 жылдың 1 маусымынан бастап шығарылады

№ 57 (649) БЕЙСЕНБІ 9 ЖЕЛТОҚСАН 2021 ЖЫЛ

CORONA VIRUS2020/KZ

Жаңа жыл – әрқашан отбасылық мейрам. Сондықтан, жаңа жыл кештерінің ауқымын шектеген дұрыс. Вирус ешқайда кетіп қалған жоқ. Ауру және өлім жағдайлары әлі де тіркеліп жатыр. Сондықтан өзімізді қорғау үшін мерекені отбасы аясында тойлауымыз керек

Денсаулық сақтау министрі
АЛЕКСЕЙ ЦОЙ
ұжымдық кештер өткізу туралы

CORONA VIRUS2020/KZ

Чем больше вирус циркулирует между людьми, тем более мутированные виды вируса появляются. Очень сложно защитить людей от мутирующих видов данного вируса

АРТУР ВАН ДИЗЕН,
ПРЕДСТАВИТЕЛЬ ДЕТСКОГО ФОНДА ООН (ЮНИСЕФ)
В КАЗАХСТАНЕ О ВИРУСАХ

10 жыл ішінде 40 миллион өтініш қабылданды

2021 жылдың 29 қарашасында 1414 Біріңғай байланыс-орталығына 10 жыл толады. Осы 10 жыл арасында Қазақстан бойынша 40 000 000 астам өтініш өңделген. Байланыс-орталығы алғашқы рет Нұр-Сұлтан қаласында ашылған және бірінші жылы онда 20 оператор жұмыс атқарған.

Қазіргі уақытта Біріңғай байланыс-орталығында 353 операторлар жұмыс атқаруда, олар 690 мемлекеттік қызметтер, 243 сервис бойынша және 10 ақпараттық-коммуникациялық қызметтер бойынша кеңес береді. Клиенттерге сонымен қатар вакцинация, Ashuq бағдарламасы бойынша ақпарат беріледі, ерекше мұқтаж адамдарға мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ХҚКО-нан қызметкерлерді үйге шақыру үшін өтініштер қабылданады. Деректердің өзекті базасын қалыптастыру үшін ББО 26 мемлекеттік органдармен өзара байланыс жасайды.

Орта есеппен бір оператор шамамен күніне 120 қоғырау қабылдайды.

2021 жылдың жазында ББО кеңселері төрт қалада – Қызылорда, Қостанай, Көкшетау және Петропавлда ашылды.

Біздің қалада штаттық режимде 50 оператор жұмыс атқарады, сонымен қатар вакансиялық орындар бар.


Оператордың жауабын күту уақыты 16 секундке дейін қысқартылды, мәзірден кейін үзілген қоңыраулардың пайызы - 1%, клиенттердің орташа қанағаттандырылған бағасы бес балдық шкаласы бойынша 4,78 балға дейін өсті.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, болашағымыз баянды болсын!

Қазақ деген ел - бостандық-азаттық сүйетін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық.

Ғабит Мүсірепов.

Бостандық пен тәуелсіздікке жыр арнамаған, ән шығармаған, роман жазбаған ақын-жазушы, қойылым қойып, трагедия көрсетпеген режиссер, осы жолда мақала мен очерк жазбаған журналист жоқ шығар, бәлкім?! Өзектілігі күн тәртібінен түспейтін тәуелсіздік ұғымы адам бойындағы, халық жүрегіндегі ең маңызды мәселе. Рухани әрі моральдық құны жоғары сана деп білемін. Міне, ғасырларды айтып, жылдарды жырлап жүрген кезде, отыз жыл да өте шыққан екен. Үш он жылдықтан құралған Тәуелсіздік тарихы көп нәрсеге куә етті бізді. Әлемнің саясат сахнасында талай жетістерге жетіп, ел экономикасын еселеп көтерген бұрынғы ТМД елдерінің ішіндегі ең мықты орта азиялық мемлекет ол – Қазақстан. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы. Рухани жаңғырып, жаңаша салынып, қайта құрылған жас мемлекет. Ел тарихындағы, Кеңестер Одағынан шыққаннан кейін қиын кезеңде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы өте көп тәуекелге толы шешімдер қабылдады. Алайда, оның бәрі жемісті әрі жеңісті болды. Мәселен, ел астанасын қазақ жерінің тура ортасы Ақмолаға көшіру үлкен тарихи қадам. Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласы әлемнің дамыған мегаполистерімен иық тірестіретін деңгейге жетіп қалды. Қарт Есідің сол қанатына салынған теңіз түсті, аспан түсті көк шаһар



Сарыарқаның сары жоңымен аста-сып жатыр. Түрлі әлемдік жиындар, спорттық додалар, рухани келісім ұйымдары да біздің астанада бас қосып келеді. Азида ойындары, ЕКСПО-2017, Дүниежүзілік Діндер съезі, саяси әлемдік саммитардың бәрі осы шаһарда өтті. Жоғарыда айтқандай үш онжылдық ішінде түрлі жетіктер мен қатар қиын кезеңдер де орын алды. Қаржылық дағдарыс, әлсіз экономика, буыны бекімеген конституциялық заңдар, ішкі-сыртқы сауда айналымы барлығы үлкен сыннан өтіп барып бүгінгі деңгейге жетті. Ғасырлар бойы азаттығын сабырмен күткен қазақ халқы бұдан да бас көтеріп шыға білді. Алдағы болашаққа үлкен сенім мен үміт бар. Олай деуіме елдегі ЖОО-дағы білім сапасының мықталауы, «Назарбаев Университетінің» ашылғаны себеп. Қазақстан Республикасының

Бірінші Президенті бастамасымен 2010 жылы негізі қаланған Назарбаев Университеті әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналуы көздейтін мемлекеттің флагмандық оқу орны. Бұл – қызметі дербестік және академиялық еркіндік қағидаттарына негізделген Қазақстандағы ең алғашқы университет. Мен Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейіне өзімнің ішімнен кернеп шыққан жылы лебізімді жүрекпен жеткіземін. Тәуелсіздік десе, «Мінекейіңіз», деп қымыз жұтынғанған сәттегідей кеудем демге, тынысым ауаға толып мықты экономикалық әлеует, сапалы мемлекеттік бағдарламалар, тыңғылықты білем беру саласына қол жеткізуді тілеймін. Ұрпағымыз жалғасып, ынтымағымыз жараса берсін!

Ботагөз Сембайқызы

В Коргалжынском районном суде прошел семинар на тему «Экстремизм и терроризм»

Председатель Коргалжынского районного суда Д.Темирханов провел семинар на тему «Экстремизм и терроризм» с участием специалистов канцелярии и сотрудников УССО Коргалжынского района.

В ходе семинара Д.Темирханов разъяснил основные понятия и общие правила.

В статье 10-3 Закона Республики Казахстан от 13 июля 1999 года за №416 "О противодействии терроризму" указаны обязанности собственников, владельцев, руководителей или иных должностных лиц объектов, уязвимых в террористическом отношении, субъектов охранной деятельности, заключивших договор об оказании охранных услуг по объектам, уязвимым в террористическом отношении.

Также в Законе Республики Казахстан от 18 февраля 2005 года за №31 "О противодействии экстремизму" определяются правовые и организационные основы противодействия экстремизму в целях защиты прав и свобод человека и гражданина, основ конституционного строя, обеспечения суверенитета Республики



Казахстан, целостности, неприкосновенности и не отчуждаемости ее территории, национальной безопасности.

В ходе занятия были обсуждены наиболее важные вопросы, а также разъяснены действия каждого сотрудника суда по предупреждению экстремизма и терроризма.

Заведующий канцелярией
Коргалжынского районного суда
Б.Изахметов

ЖОБА

**Қорғалжын ауданы әкімдігінің
«Салық салу объектісінің Қорғалжын
ауданының елді мекендерінде ор-
наласуын ескеретін аймаққа бөлу
коэффициенттерін бекіту туралы»
2020 жылғы 30 қарашадағы
№ А-11/170 қаулысының
күші жойылды деп тану туралы**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қорғалжын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Қорғалжын ауданы әкімдігінің «Салық салу объектісінің Қорғалжын ауданының елді мекендерінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы» 2020 жылғы 30 қарашадағы № А-11/170 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8210 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қорғалжын ауданының әкімі **Б.Жанбаев**

ПРОЕКТ

**О признании утратившим силу
постановление акимата Коргалжинского
района «Об утверждении
коэффициентов зонирования,
учитывающих месторасположение
объекта налогообложения в населенных
пунктах Коргалжинского района» от
30 ноября 2020 года №А-11/170**

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О правовых актах» акимат Коргалжинского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Признать утратившим силу постановление акимата Коргалжинского района «Об утверждении коэффициентов зонирования, учитывающих месторасположение объекта налогообложения в населенных пунктах Коргалжинского района» от 30 ноября 2020 года №А-11/170 (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 8210).

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней со дня первого официального опубликования.

Аким Коргалжинского района **Б.Жанбаев**

БАСПАСӨЗ ПАРАҒЫ

Биылғы жылдың 11 желтоқсан күні сағат 9.00-де Көкшетау қаласының «ТӘУЕЛСІЗДІК» алаңында Ақкөл, Аршалы, Астрахан, Бұланды, Ерейментау, Шортанды, Целиноград, Қорғалжын аудандарының және Көкшетау қ., «КОКСНЕ» ӘКК ҰК» АҚ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізу жоспарлануда.

Аталған жәрмеңкеде өңірдің 80-нен астам ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері 68 млн. теңгеге 52,2 тоннадан астам өнім ұсынады. Қала тұрғындары мен қонақтары жергілікті өндірушілердің 40-тан астам азық-түлік түрлерін сатып ала алады. Бағалар нарықтық бағадан 10-15% - ға төмен.

Облыс аграршылары 27,8 тонна ет және шұжық өнімдерін, 0,8 тонна жаңа балық, 160,2 мың дана жұмыртқа, 5,8 тонна сүт және сүт өнімдерін, 2,0 тоннадан астам ұн, 4,7 тонна картоп және басқа да өнімдер әкеледі.

ПРЕСС РЕЛИЗ

11 декабря текущего года в 9.00 часов на площади «ТӘУЕЛСІЗДІК» г. Кокшетау планируется проведение сельскохозяйственной ярмарки с участием сельхозтоваропроизводителей следующих районов: Аккольский, Аршальский, Астраханский, Буландынский, Ерейментауский, Коргалжинский, Шортандынский, Целиноградский и г.Кокшетау, АО «НК СПК Kokshe».

На данной ярмарке более 80 сельхозтоваропроизводителей региона представят более 52,2 тонн продукции на сумму 68 млн. тенге. Жители и гости города смогут приобрести свыше 40 наименований продуктов питания местных производителей. Цены значительно ниже рыночных на 10-15%.

Аграрии области привезут 27,8 тонн мясных и колбасных изделий, 0,8 тонны свежей рыбы, 160,2 тыс. штук яиц, порядка 5,8 тонн молока и молочной продукции, более 2 тонн муки, 4,7 тонн картофеля и другой продукции.

Қызылсай ауылдық округі бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ақпараты

Қорғалжын ауданы «Қызылсай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген қызметтерді төмендегі стандарттар бойынша жүзеге асырады.

"Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға және порталға құжаттар топтамасы тапсырылған күннен бастап – күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейін;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін барынша жол берілетін күту уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің барынша жол берілетін уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17:30-ға дейін жүзеге асырылады.

"Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) Мемлекеттік корпорацияға және порталға құжаттар топтамасы тапсырылған күннен бастап:

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын береді;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің жол берілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің жол берілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға олар он сегіз жасқа толғанға дейінгі кезеңге жер учаскесіне арналған жер-кадастр жоспарын әзірлеу ақысыз негізде жүзеге асырылады.

8. Мыналардың:

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі), оның ішінде жеңілдіктері бар адамдар Мемлекеттік корпорацияға бір данада мыналарды ұсынады:

1 - кезең:

1) осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру туралы өтініш;

2) жер учаскесінің орналасу схемасы;

3) жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);

"Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасы тапсырылған күннен бастап:

1-кезең: сұратылған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау, жер учаскесін таңдау актісін дайындау, жер комиссиясының қорытындысын беру 23 (жиырма үш) жұмыс күні;

2-кезең: жерге орналастыру жобасы бекітілген күннен бастап жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру туралы шешім шығару 7 (жеті) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін барынша жол берілетін күту уақыты – 15 (он бес) минут;

3) барынша жол берілетін қызмет көрсету уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушінің жер учаскесіне құқық беру туралы шешімі не осы Стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17:30-ға дейін жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі), оның ішінде жеңілдіктері бар адамдар көрсетілетін қызметті беруші кеңсесіне және Мемлекеттік корпорацияға бір данада мыналарды ұсынады:

"Жер учаскесін алу үшін кезекке қою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған күннен бастап – 12 (он екі) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін барынша жол берілетін күту уақыты – 15 (он бес) минут;

3) барынша жол берілетін қызмет көрсету уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18:30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17:30-ға дейін жүзеге асырылады.

Ақмола облысында белсенді жастар марапатталды

Облыс орталығында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Жас ұстаз - ел болашағы», «KDM - LIFE», «Ұлы тұлғалар жолымен» жастар арасындағы онлайн - конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау өтті, деп хабарлайды ішкі саясат басқармасы.

Іс-шаралар жұмыс істейтін, студент және оқушы жастардың белсенді азаматтық ұстанымын арттыру, жастар қозғалысын дамыту, қоғамдық санада қазіргі заманғы табысты жас қазақстандықтың идеалын қалыптастыру мақсатында өткізілді.

"Сайыстардың әрқайсысы екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар дайындалған бейне-роликетер мен жобаларды ұсынды, содан кейін оларды әлеуметтік желілерде жариялады. Екінші кезеңде қазылар алқасы мүшелеріне өз жұмыстарының тұсаукесерін өткізді", - дейді ұйымдастырушылар.



Барлық турлардың қорытындысы бойынша, "Жас ұстаз - ел болашағы" байқауында Қосшы қаласы №2 ОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қуаныш Мұқашева бірінші орынға ие болды.

"Ұлы тұлғалар жолымен" байқауында әдебиет және өнер саласында Мәлік Ғабдуллин атындағы "Азаматтық және патриоттық үшін"

номинациясында Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің аға оқытушысы Риззат Елубаев жеңіске жетті.

Шоқан Уәлиханов атындағы "Этнография және фольклор саласындағы үздік зерттеуші" номинациясы бойынша Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің магистрі Есболат Айткен жеңімпаз атанды.

"KDM - LIFE" байқауында бірінші орын Көкшетау қаласының жоғары техникалық колледжінің жастар ісі жөніндегі комитетіне берілді.

Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері ақшалай сертификаттар мен дипломдармен марапатталды.

Айта кетейік, Ақмола облысында 14-29 жас аралығындағы 152 мыңға жуық жас азамат тұрады. Ел Тәуелсіздігінің мерейтойлық жылында өңірде екі мыңнан астам түрлі жастар іс-шаралары өткізілді.

Қорғалжын ауданы бойынша "Қайырымдылық керуені" жобасына ұсынылған азаматтар

Қатысушының өмірбаяны / қатысушы туралы ақпарат

Қайырымдылық қызмет туралы ақпараттық хабарлама

Сабиев Нұрбай Аткенұлы «Жанында жүр жақсы адам» деп толық айтуға болатын себептері өте көп. Бұл кісі Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Кеңбидайық ауылының тұрғыны. Ауыз толытырып айтатын үлкен шаруашылығы да жоқ. Дегенмен, қарамағында жиырма адам жұмыс атқаратын кішкентай шаруашылығы бар. Жаз кезінде шөп шауып, соны сатқаннан түскен азды-көпті пайдасынан мұқтаж отбасыларға үлестіріп беруді дәстүрге айналдырған азамат. Өз қаражатынан 1 млн. 800 мың теңгеге балаларға арнап ойын-сауық алаңын салып, ауыл бұлдіршіндерін бақытқа бөледі. Өзі бес баланың әкесі, алайда балалардың барлығына бірдей қамқар адам. Сонымен қатар, ауыл мешітінің қысқы отынын толық өз қаражатынан қамтып, пеш жағушы адамның жалақысын төлеп отыр. Ауылдағы қоғамдық жұмыстар, қайырымдылық іс шаралар, тағы басқа маңызды мәселелерде үнемі бел ортасында жүретін жан ашыр тұлға. Бір сөзбен айтқанда жүрегі мейірімге, көздері нұрға толы. Бұл кісінің «Мейірім жолында» номинациясына ұсынылуы бекер емес. Себебі, шын мәнінде жүрегі үлкен адам. Ол карантиндік шетелдер кезінде жағдайы төмен, көп балалы үш отбасына өзінің қаражаты есебінен азық-түлік себеттерін бірнеше қайтара таратты. Оның ішінде 50 кг ұн, 25 кг қант және тағы басқа қажетті тағамдардан тұратын, құны 50 мың теңгеге шақталған себеттер болды. Табиғатынан өте қарапайым тұлғалы азамат. Ол кісімен бетпе-бет сұхбаттасқан кезде алдағы уақытта әлі де жоспарында үлкен қайырымдылық идеялары бар екенін айтты. Сонымен, аудан мешітінің тарапынан ұйымдастырылған жатқан қысқы отынға қаражат жинау шарасына өз үлесін қосып, қатысуда.



Қатысушының өмірбаяны / қатысушы туралы ақпарат

Тусупов Жетпіс Сағындықұлы 2003 жылы Астана қаласындағы Еуразиялық заң колледжіне түсіп, 2004 жылы Астана қаласындағы «Туран» колледжіне ауысып, 2005 жылы «Туран» колледжін заңгер мамандығы бойынша бітірді. 2005 жылы Көкшетау қаласы, Көкшетау университетінің заңтану мамандығына қабылданып, 2008 жылы бітіріп шығады. 2005 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына Ақмола облысы ішкі істер департаментінің Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының полицейі болып тағайындалды. 2007 жылдың маусым айында Ақмола облысы ішкі істер департаментінің Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының полицейі қызметінен ІО-нан өз еркімен жұмыстан босатылып, 2007 жылдың шілде айында Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына Ақмола облысы ішкі істер департаментінің Қорғалжын ауданы ішкі істер бөліміне айдауыл қызметіне айдауыл-полицейі болып тағайындалды. 2007 жылы тамыз айында Ақмола облысы ішкі істер департаментінің Қорғалжын ауданы ішкі істер бөліміне көші-қон полиция тобына инспектор болып тағайындалды. 2008 жылдың желтоқсан айынан бастап Ақмола облысы ішкі істер департаментінің Қорғалжын ауданы ішкі істер бөлімінде анықтау тобының анықтаушысы лауазымында абыройлы қызмет етіп, 2017 жылы сәуір айында Ақмола облысы полиция департаментінің Қорғалжын ауданы полиция бөлімінде тергеу бөлімшесінің аға тергеушісі лауазымына тағайындалды. 2021 жылы қаңтар айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Ақмола облысы полиция департаментінің Қорғалжын ауданы полиция бөлімінің бастығының орынбасары лауазымында қызмет атқарып келемін.



Қайырымдылық қызмет туралы ақпараттық хабарлама

Жетпіс Сағындықұлы өзінің жұмыс бабымен аудан тұрғындарының үйлеріне барып, кезекті тексерістер жүргізу барысында шаңырағы ортасы түскелі тұрған үйде тұратын бір отбасыға кезігеді. Ол отбасында екі жесір әйел сегіз баласымен өмір сүріп жатыр екен. Жанашырлықтан жүрегі жарыла жаздап, Жетпіс Сағындықұлы бірден мәселенің шешімін іздеуге кіріседі. Қазіргі кездегі әр түрлі қайырымдылық қорлар мен ұйымдарға хабарласады. Соның ішінде «Айдың Нұры» қорымен байланысқа шығып, әлгіндегі отбасыға үш айдың ішінде Қорғалжын ауданының орталығы Қорғалжын ауылынан төрт бөлмелі жеке үй алып берді. Кейін тағы да жеті баласы бар отбасыға да баспана алып беруіне басты себепкер осы Жетпіс мырза болды. Бүгінгі таңда, Жетпіс Сағындықұлына мұқтаж отбасылар күніге тынымсыз хабарласып жатады. Себебі, аудан аумағында әлі де әлжуаз отбасылар көп. Толық емес отбасылар, жалғыз басты аналар, мүгедек балалары бар отбасылар да мемлекеттің тарапынан берілетін жәрдемақының жеткіліксіздігінен күңелтулері қиын екені рас. Сол үшін де, біздің кейіпкер осы мәселеде тыңғылықты жұмыстар атқаруда. Ол өз тарапынан мұқтаж жандарға қай жағынан болсын көмектесу үшін барлық амалдарды қарастыруда. Арамызда осындай адамдардың бар болғаны ертеңгі күнге сенім мен үміт сыйлайды. Адам деген ардақты атқа лайық азамат.

Қатысушының өмірбаяны / қатысушы туралы ақпарат

Кошкин Алексей Валентинович 1976 жылы Иркутск қаласындағы «Жүн және Мех» техникумын «Аңшы» мамандығымен бітіріп, жолдама арқылы Қорғалжын ауданына келеді. Содан бері жарты ғасырға жуық уақыт осы өңірде қызмет етіп жатыр. Нақты айтқанда сол кезде енді ғана жұмысын бастаған Қорғалжын қорығына ғылыми қызметкер болып жұмысқа қабылданады. Кейін 1987 жылы Саратов университетін биолог мамандығы бойынша тәмамдайды. Содан осы күнге дейін тек қана бір жерде, бір салада жұмыс атқарып келеді. Өз саласының мүлтіксіз маманы, асқан шебер десе де болады. Себебі, ол эколог ретінде көптеген ғылыми жұмыстар жазды. Алексей Валентинович білгір орнитолог, мықты фотограф. Ол шетелдік мамандармен бір қатарда жұмыс атқара біледі. Жұмысы сапалы, тыңғылықты.



Қайырымдылық қызмет туралы ақпараттық хабарлама

Алексей Валентиновичтің әкесі сібірлік, шешесі Карелиядан. Туған жері Ново-ишимкада теледидардан «Киносаляхат клубы» көрсетіліп, кішкентай экранда құстар мен жануарлар туралы әрең көрінетін бағдарламаларға қатты қызыққан бала, бірден биолог болам деп шешім қабылдаған екен. Иркутск техникумына аңшы мамандығына түсіп, оны үздік бітіріп, жолдама алады. «Кеңес заманында бізді рейдшілер деп атайтын, неміс тілінен аударғанда «аңшы» дегенді білдіреді. Енді, міне, мені «мамонт» деп атайды, қырық бірінші жыл осында қызмет етіп келемін» деді кейіпкеріміз өзінің берген сұхбаттарының бірінде. Алексей Валентиновичтің айтуынша қорықта алты мыңнан астам киік бар. Ол кісі оның әр қасайсысына жеке дара жанашырлықпен қарайды. 2015 жылы үлкен індеттен кейін қорғаныс шараларының арқасында Үкімет бөкенді қорғауға ақша бөледі. «Бірақ браконьерлер қырағы, өйткені ақбөкен мүйізінің бағасы әлі де жоғары» деп айтқан болатын кейіпкер бір сұхбатында. Бұл кісі әрбір құс, әрбір дала жануары туралы ерекше тебіреніспен айтады. Мәселен, фланмингоның алғашқы отары сәуір айының басында келеді. Барлығы 5 мыңға жуық құс келетінін жатқа айтып отыр. Алексей Валентиновичтың отбасы, жары мен екі баласы да осы салада қызмет етеді. Ол кісінің елуге жуық ғылыми жұмысы әр түрлі баспасөз беттерінде жарық көрген. Ең алғашқы жұмысы 2001 жылы «ЛЕБЕДИ Коргалжынского заповедника» атты кітабы Мәскеу қаласында жарық көреді. Сонымен қатар, ресейлік орнитологиялық басылымдарда ғылыми жұмыстары көп жарық көрді. Көбінесе, құстар жайында және олардың өмір сүру факторлары турасында материал жасайды. «Орнитологический вестник Казахстана и Средней Азии» журналында жұмыстарының басым бөлігі шығып отырды. Шетел журналдарында да жиі-жиі публикациялар жасаған. Халықаралық және ғылыми орнитологиялық маңызы жоғары конференцияларға қатысып, баяндамалар жасаған. Зейнетке шығар алдында 2019 жылы «Қазақстан Құстары» сайтында «Синехвостка» мақаласы жарық көрді. Елу жылда қорықтың дамуына елеулі үлес қосқан нағыз маман, орнитолог, эколог, табиғат жанашыры деп толық айта аламыз.

Қатысушының өмірбаяны / қатысушы туралы ақпарат



Қомаров Туғанбек Қомарұлы 22 тамыз 1986 жылы Қорғалжын ауылында дүниеге келген. Алматы қаласы Д.Қонаев атындағы транспорт және құқықтық Гуманитарлық Университетінің «Транспорт, транспорттық техника және технология» мамандығын 2013 жылы алып шағады. Туған жеріне келіп, әкесінің жолын жалғап, ата кәсіппен айналысуды бастады. ЖШС «Туғанбек» 2000 жылдан бастап жұмыс атқарып келеді. Асыл тұқымды ірі қараның санын өсіріп, сапасына баса назар аудара отырып, герефорд, әуликөл, қазақтың ақ басын экспортқа, нарыққа сатуға жібереді. 2010 жылдан бастап ірі қараның өсімі 70 пайызға дейін күрт көтерілген. Мекеме қарамағында он отбасы жұмыс атқарады. Жұмыскерлердің тұратын орны, үйдің жай-күйі яғни тұрмыстық техника, монша, асханасы қарастырылған. Сонымен қатар азық-түлік мекеме есебінен сатып алынады жалақыдан бөлек.

Қайырымдылық қызмет туралы ақпараттық хабарлама

Қомаров Туғанбек Қомарұлы Қорғалжын ауданының қайырымды кәсіпкерлерінің бірі. Себебі, Туғанбек мырза мейірім жолында көптеген жақсылықтар жасады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей бұл азаматтың жасаған қайырымды жұмысы бір сөзбен ғана сипатталмайды. Себебі, екі жыл бойы түңірейген қара бұлт секілді төбемізден кетпей қойған дерт уақытында көп мұқтажға қол созды. Ол пандемия кезінде отбасыларға азық-түлік себеттерін таратып қана қоймай, дәрігерлерге де бар көмегін берді. Ірі қара етін, қой етін үлестіріп берді. Сонымен қатар, саумал, қымыз сусындарын ауруханаға тегін тасып тұрды. Оның ішінде ИВЛ аппараттарын сатып алуда көмек берді. Осы кісінің саумалы мен қымызы көп адамның дертіне дауа болды, жанына шипа берді. Ата кәсіппен айналысып қана қоймай, ел мен жұртқа көз қырын салып отыратын, әке өсиеті мен ата батасын қадір тұтатын нағыз ер азамат. «Қайырымдылық – адамгершілік белгісі» дегендей адами қасиеті жоғары тұлға.

Қатысушының өмірбаяны / қатысушы туралы ақпарат

Шаруашылық негізі балық және егін шаруашылығы. «Қаңбақ» ЖШС 2009 жылдан бастап ашылған, аумағы 1636 Га. Өзінің техникалары бар және онға жуық отбасы жұмыс істейді. 2008 жылы Агротехникалық университетті биолог мамандығымен бітіріп, ауылға оралады. Содан «Бытғыай» шаруа қожалығының басшысы болып жұмысқа кіріседі. 2012 жылдан бастап шаруашылықтың айналымы өсіп, ол ЖШС айналды. Сол кезден бері «Қаңбақ» ЖШС ауықмды жұмыс атқарып келеді. Сонымен қатар, біздің кейіпкер қазақ халқының ата кәсібі мал шаруашылығымен де жіті айналысады.



Қайырымдылық қызмет туралы ақпараттық хабарлама

Алексей Николаевич бие байлап, саумал мен қымызды карантин уақытында науқастарға тегін таратты. Өз есебінен қарамағында жұмыс атқаратын отбасыларға баспана алып берді. Мұқтаж адамдарға қаржылай да, азық-түлікпен болсын, мал төлімен де барынша көп көмек беріп жүрген азамат. Сонымен қатар, науқан уақытында өз шаруашылығы өнімдерінен әлеуметтік жағынан әлсіз топтарға отын, көмір, малға жем-шөпті де тегін түсіріп береді. Аудан қарияларына, оның ішінде жалғыз басты зейнеткерлерге барынша қолдау жасайды. Бір сөзбен айтқанда жомарт жан. Ешқандай дағдарыс пен қымбатшылыққа қарамастан, бұл азамат өзінің кеңпейілді екенін дәлелдеді. Ауданда қандай да бір қайырымдылық шаралары, әкімдік тарапынан жиналатын қаржылай көмектерде үнемі басы қасында жүретін адам. Аудан бойынша салынып жатқан мешіттер мен намазханаларды, спорттық жарыстарды қаржыландырып, әлеуметтік-мәдени нысандарға көмегін беріп келеді. «Балаға өмір сыйла» акциясына үнемі қатысып, біздің елде емделмейтін науқастар қаржы аударады.



"НҰР-ҚОРҒАЛЖЫН" АУДАНДЫҚ ГАЗЕТІНЕ 10 ЖЫЛ

Ескі газеттер бетінен, Естелік алауы

Қасқабасов – озат малшы

Төлеген Қасқабасовтың тағдыры қиыншылықта қалыптасты. Оның жастық шағы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарына тап келді. Он алты жастағы бала өзі оқып жүрген тоғызыншы класты тастап, жұмысқа орналасты. Өйткені әкесі ел қорғауға аттанды, ал шешесі кәрі болатын. Соғыс Төлегеннің тағдырына өшпес ізін қалдырды. Ол қарт болмаса да, өз жасынан әлде қайда мосқал көрінеді. Бойы аласа, жүзін әжім іздері торлаған.

Соғыс жылдарында курс бітірген Төлеген шофер болды, комбайн жүргізді. Сол кезде тылдағы барлық совет адамдары «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жауды жену үшін» ұраны төңірегінде жұмыс істеді. Төлеген тәулік бойы егін жинап, майданды астықпен қамтамасыз ету жолында жалықпай еңбек етті. Оның әкесі майданнан қайтып оралмады. Кейінірек шешесі қайтыс болды. Өмір қиындылығынан Төлеген абыржып қалған жоқ. Ол қаракөз Күлпәнға үйленді. Семейлы кісі атанды. Қасқабасов жиырма жылдан уақыт «Дружба» совхозының бірінші бөлімшесіндегі мал фермасында еңбек етіп келеді. Шаруашылықта мал өсіруші кадрлары жетіспегендіктен бұрынғы мамандығын өзгертуге тура келді. Жаз болса ол Күлпәнмен бірге жайлауға көшеді. Әйелі көмекші болды. Қыста мал қорада күтіледі. Төлеген ұзақ жылдар бойы өгізшелер бағып, семіртіп, ет комбинатына жөнелтетін еді. Оның есебінде жүздеген бордақыланған өгізшелер бар. Соңғы жылдары ұрғашы бұзулар күту тапсырылады. Ол бұзуларды өсіріп, бірінші бұзуланғаннан кейін басқа малшыға табыс етеді. Қазір қарауында 131 бас қашарлар бар.

Аға малшының ұлы комсомолец механизатор Қапыш, шофер Аман Сармолдин- көмекшілер. Қапыш әке жолын онан әрі жалғастыратын лайықты ізбасар болып отыр. Ол жаз күз бойы трактормен жұмыс істейді, ал мал қолға қараған кезде әкесіне көмектеседі. Аман да өзінің негізгі мамандығынан уақытша қол үзіп, малшы болып жүр.

Бөлімшенің тіпті жоба бойынша салынған стандартты қоралары село шетінде орналасқан. Солардың бірінде

Төлегеннің мал қорасы бар. Оның іші жылы, кең. Малшылар қашарларды тәулігіне үш мезгіл азықтандырады. Жылы күндері мал орамға шығарылып, сонда жемделеді. Рацион құрамында шөп, сүрлем, сабан, құрама жем бар.

Қорада мал суарудан басқа барлық жұмыстар қол күшімен атқарылады. Төлеген бұл уақытша қиыншылық кендігін, жем тарату, қиыңғару сияқты ауыр процестерді механикаландырылар кезі келетінін жақсы түсінеді. Әзірше еңбектің басты құралы айыр мен күрек болып отыр.

Төлеген қысқы маусым басталғаннан бері мал шығынына жол берген жоқ. Күйлері де төмен емес. Қасқабасов басқаратын шағын да тату коллектив мал қыстату маусымын ойдағыдай өткізуді, қашарлардан жоспарлы төл алуды межелеп отыр.

Аға бақташы Қасқабасов «Германияны жеңгені үшін» медалмен наградталған. Совхоз әкімшілігі тарапынан алған алғыстары, құрмет грамоталары жетерлік.

Төлеген егде тартқан шағында өмір қуанышына кенелген. Оның ұлы Қапыш Совет Армиясы қатарында міндетті борышын өтегеннен кейін үйленіп, өз алдында отау болды. Оның кәсібі туралы жоғарыда айтып өттік. Қыздар Орынбасар, Салтанат, Гүлнәр мектепте оқиды ең кішісі Ләззат әлі жас.

Онының бесжылдықтың екінші жылы басталды. Бақташы Қасқабасов уақыттан оза еңбек етіп, жарысушылардың алдыңғы сапында болуға бекем бел байланған. Ол бөлімшенің озат малшысы Мұқай Ыдырысовпен социалистік жарысқа түсті. Жеңімпаздар атануы үшін екеуі де бұл күндері мал күтімін жақсарта түсті.

М.Кәмәлиев.

«Дружба» совхозының №1 бөлімшесі.

«Шамшырақ нұры» 3-бет
13 январь 1977 жыл.

Дайындаған: Қорғалжын аудандық мемлекеттік архиві

архивісі М.Узденбекова

#Qazaqstan30 #Aqmola30kz @qazaqstan30jyl

«О деятельности КГУ «Центр анализа и развития межконфессиональных отношений» в вопросах реализации государственной политики в религиозной сфере РК на 2021-2023 годы»

Центром анализа и развития межконфессиональных отношений, в вопросах реализации государственной политики в религиозной сфере РК на 2021 – 2023 годы, реализуются мероприятия, направленные на профилактику религиозного экстремизма и терроризма среди населения Акмолинской области, особенно в молодежной среде.

Основными направлениями работы центра являются:

- информационно-пропагандистская работа, методическое и информационное обеспечение работы ИРГ по вопросам религий;

- мониторинг религиозной ситуации, социологические исследования уровня религиозности населения и прогнозирование религиозной ситуации;

- реабилитация лиц, попавших под влияние деструктивных и радикальных течений;

- развитие межконфессионального согласия, путем повышения религиозного просвещения, формирования толерантного самосознания населения Акмолинской области;

- анализ и мониторинг интернет ресурсов по вопросам религий.

Анализ работы проповедников псевдосалафитской (мадхалитов) идеологии в соцсетях показывает стабильность роста посетителей ежемесячно.

На территории республики, где на протяжении многих веков мирно сосуществовали и культурно взаимодействовали друг друга представители различных этносов и конфессий, впервые созданы необходимые политико-правовые и социально-экономические условия для развития культуры и традиционных духовных ценностей казахстанского народа.

В соответствии с Конституцией страны сформирована светская модель государственно-конфессиональных отношений на принципах равенства всех граждан перед законом и уважительного отношения к личным убеждениям каждого, независимо от языка и отношения к религии.

К тому же религия стала значительным фактором внутренней и внешней политики Республики Казахстан.

Основной целью Концепции является повышение эффективности государственной политики в религиозной сфере, направленности на совершенствование государственно-конфессиональных и межконфессиональных отношений, укрепление светских устоев государства и недопущение использования религии в деструктивных целях.

Основную основу настоящей Концепции составляют: Конституция Республики Казахстан, законы Республики Казахстан "О религиозной деятельности и религиозных объединениях", "О некоммерческих организациях", "О противодействии экстремизму" и иные нормативные

правовые акты Республики Казахстан, международные договоры, ратифицированные Республикой Казахстан.

Целенаправленная пропаганда деструктивных религиозных течений на общество, особенно на молодежь, идет через социальные сети, незаконное тиражирование и популяризацию видеороликов, литературы, в которых усиленно продвигаются идеи деструктивного религиозного течения.

Факторами уязвимости молодежи перед идеологией деструктивных течений являются наличие социально-экономических проблем, чувство социальной несправедливости, отсутствие жизненного опыта, низкое критическое восприятие.

Система образования играет фундаментальную роль в формировании личности и общества казахстанского патриотизма, уважения к национальным и духовным традициям народа.

Основополагающими принципами системы образования в организациях образования, кроме духовных (религиозных), являются: обеспечение государством светского характера системы образования.

Религиозные объединения могут вносить вклад в развитие общества, пропагандируя ценность жизни, важность соблюдения здорового образа жизни, а также отказ от наркомании, алкоголизма и иных вредных привычек.

Одной из наиболее важных задач социального развития государства является сохранение института семьи и её традиционных морально-нравственных ценностей. Поэтому государственная политика в системе семейно-брачных отношений нацелена, прежде всего, на укрепление и развитие института семьи, ее ценностей, ее защите от влияния деструктивных идей.

Концепция государственной политики в религиозной сфере на 2021-2023 гг. призвана консолидировать усилия центральных и местных исполнительных органов, религиозных объединений и институтов гражданского общества по развитию государственной политики в религиозной сфере, выработать ориентиры в дальнейшем развитии казахстанской модели государственно-конфессиональных и межконфессиональных отношений, основанной на особенностях историко-культурного наследия казахстанского народа. Также способствует укреплению государства, совершенствованию законодательства в религиозной сфере, послужит гарантией прав граждан на свободу совести и уважение религиозных убеждений и обеспечит условия для полноценного функционирования религиозных объединений.

Руководитель
«Центра анализа и развития межконфессиональных отношений» УДР
Акмолинской области
Касенов Б.Н.

В Связи со смертью Топатаева Кайыргельды Жумагуловича умершего 15 октября 2021 года, открылось наследство. Наследников обратиться к нотариусу Саутовой С.М.

Құрылтайшы меншік иесі:
ЖШС «Нұр-АяуЖан»
Директор/редактор:
Ботагөз Тажимова
Дизайнер-беттеуші:
Абдрасимова Айнагул

Мекен-жайы:
Ақмола облысы,
Қорғалжын ауылы,
Досымсейіт Отарбеков
көшесі 9,
тел: +77028476242

Газет
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және Ақпарат
министрлігі
Ақпарат және Мұрағат
комитетінде тіркеліп,
№12797-Г куәлік алған
(01.06.2012)

Газет «Нұр-Қорғалжын»
«Нұр-АяуЖан» ЖШС
редакциясында теріліп жиналды,
«Медиа-холдинг ERNUR» ЖШС
Астана қ-сы, Сілеті к-сі 30,
Тапсырыс № 647
Таралымы 600 дана
Аптаның әр бейсенбі
күндері шығады

Автордың пікірі редакцияның
көз-қарасын білдірмейді.

Қол жазба рецензияланбайды
және авторға қайтарылмайды

Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес

Ұсынылған материалдардағы фактілер
үшін автор жауап береді

Интернеттен алынған ақпараттар
басқа автор атынан жарияланбайды.